

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 тамыздағы N 809 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің қарамағына берілген қазақстан-өзбек мемлекеттік шекарасының периметрінен 30 метрдегі аумақтан, сондай-ақ Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданының Ұшқын ауылдық округі "Жанармай" елді мекенінің аумағындағы 100 метрге дейінгі аумақтан азаматтарды көшіруге және Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданының Жарты төбе елді мекені аумағының бір бөлігі Өзбекстан Республикасының меншігіне берілуіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Оңтүстік Қазақстан облысының әкіміне 2006 жылға арналған республикалық бюджетте шұғыл шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 121542260 (бір жүз жиырма бір миллион бес жүз қырық екі мың екі жүз алпыс) теңге сомасында қаражат бөлінсін.

2. Көрсетілген қаражат мыналарға бөлінеді деп белгіленсін:
116093848 (бір жүз он алты миллион тоқсан үш мың сегіз жүз қырық сегіз) теңге - жылжымайтын мүлікке өтемақыға;

1802500 (бір миллион сегіз жүз екі мың бес жүз) теңге - 50 еселенген айлық есептік көрсеткіш есебінен әрбір отбасының көліктік шығыстарын өтеуге;

525300 (бес жүз жиырма бес мың үш жүз) теңге - 5 еселенген айлық есептік көрсеткіш есебінен отбасының әрбір мүшесіне біржолғы жәрдемақы төлеуге;

315180 (үш жүз он бес мың бір жүз сексен) теңге - қолданыстағы заңнамада белгіленген мөлшерде 3 тәулікке арналған есеппен отбасының әрбір мүшесіне тәуліктік шығыстарға ақы төлеуге;

2805432 (екі миллион сегіз жүз бес мың төрт жүз отыз екі) теңге - коммерциялық объектілерге өтемақыға.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі